

Аудан әкімінің 2014 жылғы 5 ақпандағы № 2 "Бұқар жырау ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 2 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 наурызда № 3061 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімінің 2015 жылғы 5 қарашадағы № 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімінің 05.11.2015 № 5 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына сәйкес және аудандық сайлау комиссиясымен келісе отырып

Ш Е Ш Е М І Н :

1. Аудан әкімінің 2014 жылғы 5 ақпандағы № 2 "Бұқар жырау ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2553 болып енгізілген, 2014 жылғы 22 наурызындағы № 11 "Бұқар жырау жаршысы" аудандық газетінде жарияланған), келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:
реттік нөмірі 14 жолдағы, "Орналасқан жері" бағанасы келесі редакцияда
мазмұндалсын:

"Ауылдық клуб, Первомайская көшесі, 17";

реттік нөмірі 17 жолдағы, "Орналасқан жері" бағанасы келесі редакцияда
мазмұндалсын:

"Орта мектеп, Мира көшесі, 13";

реттік нөмірі 31 жолдағы, "Орналасқан жері" бағанасы келесі редакцияда
мазмұндалсын:

"Ауылдық клуб, Новоузенская көшесі, 40 ".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Айғаным Жолшоровна Ақпановаға жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК